

Қазақ тілі (B2 деңгейі) 2-семестрге арналған. 1-сабақ. Бірінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Ғылыми-техникалық даму.

Грамматикалық тақырып: Білік, дағды мәнді сөйлем

Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді түсініп мәнерлеп оқыңыз.

Адамзаттың ортақ үйі – ғаламшар дамыған елдердің өндірістік қалдықтарынан жылынып, жыл санап тарылып келеді. Сондықтан әлем халықтары бейбіт өмір сүруді, қоршаған ортаны ластамауды, ғылым мен техниканың жаңалықтарын адамдардың ғұмырын сақтап, ұзартуға бағытталғанын дұрыс санайды.

Ғылыми прогресс қазіргі уақытта нақты адамдық мүдделерге қызмет етуге қарай бетбұрыстар жасады. Осы ретте біздің ғалымдарымыз биотехнологияның адамның ағзасына, жанына, тіршілігіне залалсыз дәрі-дәрмек пен тағамдар шығарудағы тиімділігіне баса назар аудара бастады. Бұған қоса, биотехнологияның керемет жаңалығы арқылы дауасыз сырқаттарды айықтыруға, жер бетіндегі ашыққандарды тамақтандыруға, теңіздер мен өзендерді, жалпы жердің бетін улы заттардан тазартуға мүмкіндігі бар екендігі анықталды.

Қазіргі ғылым жетістіктерін нақтылы өндірісте қолдану арқылы биотехнологиялық әдістемелерді жүзеге асыру қажеттігі туындады. Өндірістік қалдықтарды биотехнологиялық әдістемелер арқылы залалсыздандыра отырып, қоршаған ортаның қалыпты жағдайын сақтауға болады.

Қазақстан – жері түрлі қазба байлыққа тұнып тұрған, түрлі дәрілік шөпке, жан-жануарға толы мерейлі өлке. Осыған орай, қазіргі кезеңдегі биотехнологиялық әдістемелерді игеруге басымдық берілуі керек. Біздің елімізде ғылыми зерттеулер жүргізіп отырған санаулы ұжым бар. Соның бірі – Ұлттық биотехнологиялық орталық. Отандық биотехнологтар 2006 жылы «құс тұмауына» қарсы вакцина ойлап тапты.

Қазақстан COVID-19 вирусына қарсы QazVac вакцинасын сәтті дайындаған мемлекеттердің бірі. Қазақстан уақыт және адами капиталды тиімді қолдану, мемлекеттің қолдауы нәтижесінде өз вакцинасына жетіп отыр. Дегенмен, өндірісте кейбір мүмкіндіктері шектеулі болып отыр.

Жазылым. Мәтінмен жұмыс.

2-тапсырма. Мәтіннен таныс емес жаңа сөздерді аудармасымен жазыңыз, жаттап алыңыз.

3-тапсырма. Мәтінде қандай сөздер жиі қайталанады? Жиі қайталанатын сөздерді теріп жазыңыз.

4-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша мына сұрақтарға жауап жазыңыз.

Біздің ғалымдарымыз қандай технологияның тиімділігіне баса назар аудара бастады?

Қазақстан – жері түрлі қазба қандай өлке?

Ұлттық биотехнологиялық орталық 2006 жылы қандай вакцина ойлап тапты?

Қазақстан COVID-19 вирусына қарсы қандай вакцина ойлап тапты?

5-тапсырма. Берілген сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырып жазыңыз: ғылыми-зерттеу, ғылыми нәтижелер.

6-тапсырма. Ғылым-білім туралы мақал-мәтелдер жазыңыз.

Айтылым. Тіл дамыту.

7-тапсырма. Мәтіннің қысқаша мазмұнын айтыңыз.

Ғылыми-техникалық прогресс – ғылым мен техниканың бірегей, бір-бірімен сабақтаса, біртіндеп дамуы. Ол XVI-XVIII ғасырлардағы мануфактуралық өндірістен, ғылыми-теориялық және техникалық қызметтер өзара жақындасып, тоғыса түскен кезден бастау алады. Бұған дейін материалдық өндіріс негізінен эмпирикалық тәжірибені, кәсіби құпияны қорландырып, түрлі тәсілдерді жинақтау есебінен баяу дамып келді. Сонымен бірге табиғат туралы ғылыми-теориялық таным аясында да ілгерілеу де байқалды. XVI ғасырда адамзат баласының сауда-саттықты өрістетіп, теңіз жолын меңгеруі, ірі мануфактураларға ие болуы бірнеше міндеттерді теориялық және тәжірибелік тұрғыдан шешу қажеттігін алға тартты.

Нақ осы кезде ғылым Қайта өркендеу дәуірі идеяларының әсерімен схоластикалық дәстүрлерден қол үзіп, практикаға жүгіне бастады. Шығыс жұртының компасты, оқ-дәріні ойлап табуы және кітап басу тәсілін меңгеруі ғылыми және техникалық қызметтердің берік одағын құруға жетелеген ұлы жаңалықтар болды. Жалпы, бұл – ғылыми-техникалық прогрестің бірінші кезеңі саналады.

XVIII ғасырдың соңында машина өндірісінің пайда болуына математиктердің, механиктердің, физиктердің, өнертапқыштар мен шеберлердің үлкен бір тобының ғылыми-техникалық жасампаз іс-әрекеттері негіз қалаған еді. Машиналы өндіріс өз кезеңінде ғылымды технологиялық тұрғыдан қолдану үшін тың, шын мәнінде шектеусіз мүмкіндіктерді ашты. Осының өзі ғылыми-техникалық прогрестің жаңа, екінші кезеңіне айналды. Ғылыми-зерттеу қызметінің теориялық шешімдерді техникалық нұсқаға жеткізуге құзырлы арнаулы буындары: қолданбалы зерттеулер, тәжірибелік-конструкторлық жасалымдар, өндірістік жетілдірулер үрдісі қалыптасты. Ғылыми-техникалық іс-әрекет адам еңбегінің ең ауқымды, ажырамас бөлігіне айналды.

Ғылыми-техникалық прогрестің үшінші кезеңі қазіргі заманғы ғылыми-техникалық революция жетістіктерімен байланысты. Оның ықпалымен техниканы дамытуға арналған ғылыми пәндердің аясы кеңі түсуде. Осы заманғы ғылыми-техникалық прогрестің ерекше қыры – тек өнеркәсіпті ғана емес, сондай-ақ, қоғамы тұрмыс-тіршіліктің, т.б. көптеген салаларын: ауыл шаруашылық, көлік қатынасын, байланыс аясын, медицина мен білім беру ісін, қызмет көрсету түрлерін қамтиды.

Төмендегі сұрақтарға жауап айтыңыз:

Сіз ғылыми прогресс туралы не айтасыз?

Қазақстанның қандай ғылыми жетістіктерін білесіз?

Тыңдалым. Тілді дамыту. Бұқаралық ақпарат құралдарынан «Ғылыми-техникалық даму» тақырыбына арналған бейне жазбаларды қарап тыңдап, пікіріңізді білдіріңіз.

1-сабақ. Бірінші бөлім аяқталды. Сабақтың жалғасы екінші бөлімде қарастырылады.